



EGEMEN QAZAQSTAN

## Сахнаға «Алтын шуақ» ақтарылды

Қазақстанның Еңбек Ері, мемлекет және қоғам қайраткері, жазушы Әбіш Кекілбайдың алғашқы тырнақалды туындысы, яғни өлең кітабы осылай аталғаны белгілі.



Бүгінде Маңғыстауда жерлес жазушының 80 жылдығына қызу дайындық жүргізумен бірге, облыстық деңгейдегі сан-түрлі шаралар – байқаулар мен кештер жиі өтуде. Соның бірі – «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Маңғыстау облыстық ғылыми-әдістемелік және мәдени қызмет көрсету орталығының «Елімізге танымал, өңіріміздің, ұлы есімдерін мақтан тұтамыз» жобасы бойынша облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы және облыстық ғылыми-әдістемелік және мәдени қызмет көрсету орталығының ұйымдастыруымен ауыл өнерпаздары арасында өткізілген «Алтын шуақ» байқауы.

Көркемөнерпаздардың шеберліктерін шыңдау, мүмкіндіктерін көрерменге көрсету, драмалық жанрдың репертуарлық базасын нығайтып, оның дамуына ықпал ету, қойылымдардың көркемдік идеялық деңгейін арттыру және Әбіш шығармаларын насихаттау мақсатындағы шараға Маңғыстаудың аудан-қалаларынан он драма ұжымы қатысты. Олардың арасында Маңғыстаудың аты озып, өздерін үлгілі жағынан көрсетіп жүрген Жаңаөзен қаласы «Алтын шаңырақ» халықтық театры, Мұнайлы ауданы, Қызылтөбе халықтық драма ұжымы, Қарақия ауданы Сенек «Көз әйнек» драма ұжымы, Қарақия ауданы Мұнайшы «Қара шаңырақ» драма ұжымы,

Бейнеу ауданы Ақжігіт халық театры, Маңғыстау ауданының Жыңғылды халықтық драма ұжымы, Оңды халықтық драма ұжымы, Жармыш халық театры, Ұштаған драма ұжымы, Түпқараған аудандық драма ұжымы бар.

Байқауда Әбіш Кекілбай шығармаларын сахналауға деген ауыл өнерпаздарының талпынысы қуантты. Олар әрбір шығарамны жете оқып, оның астарына үңіліп, сахна төрінде бейнелеуге барынша дайындалып, шығармадағы әр кейіпкердің образын ашуға ұмтылды. Жазушы қаламының қуаты сахнада әртістердің шеберлігімен ұштасып шынайылықпен өрбіп жатты.

Байқау қорытындысында «Ең бақытты күн» повесі желісіндегі екі актілі қойылыммен Маңғыстау ауданы Жыңғылды халықтық драма ұжымы 1 орынды, Жаңаөзен қаласы «Мұнайшы» мәдениет үйінің халықтық «Алтын шаңырақ» драма ұжымы « Бір шөкім бұлт» хикаясының желісі бойынша қойылымымен 2-орынды иеленсе, 3-орынды «Шыңырау» повесін сахналған Мұнайлы ауданы Қызылтөбе мәдениет үйінің халықтық драма ұжымы мен «Ең бақытты күн» әңгімесінің желісі бойынша қойылым көрсеткен Қарақия ауданы Сенек ауылының «Көз әйнек» драма ұжымы бөлісті. Ал Бейнеу Ақжігіт халықтық драма ұжымы, Қарақия ауданы Мұнайшы «Қара шаңырақ» драма ұжымы, Маңғыстау ауданы Жармыш халық театры, Маңғыстау ауданы Оңды халықтық драма ұжымы, Маңғыстау ауданы Ұштаған халықтық драма ұжымы, Түпқараған аудандық мәдениет үйінің драма ұжымына алғыс берілді. Олар қаламгердің «Құс қанаты», «Бір шөкім бұлт», «Бір шоқ жиде» сынды шығармаларын көрермен назарына ұсынды.

Сондай-ақ байқау аясында «Үздік сценарий», «Үздік суретші», «Үздік әйел адам рөлі», «Үздік ер адам рөлі» «Үздік эпизодтық рөл» және «Үздік костюмер», «Үздік режиссер», жүлделерінің иегерлері анықталды.

Ауыл көркемөнерпаздары Әбіш шығармаларын оқып, меңгеріп қана қоймай, оны сахналаудағы шеберліктерімен сүйсінтті.

Гүлайым Шынтемірқызы  
Маңғыстау облысы